

8.02-01-2019 "Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді әзірлеу (қайта әзірлеу) құнын анықтау" Қазақстан Республикасының құрылыстағы басшылық құжатын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының 2019 жылғы 25 маусымдағы № 103-нқ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 1 шілдеде № 18945 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-16) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 936 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі туралы ереженің 16-тармағының ведомстволар функцияларының 489) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған 8.02-01-2019 "Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді әзірлеу (қайта әзірлеу) құнын анықтау" Қазақстан Республикасының құрылыстағы басшылық құжаты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы: заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі
Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық
істері комитетінің төрағасы

М. Жайымбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрлігінің
Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық
шаруашылық істері комитеті
төрағасының
2019 жылғы 25 маусымдағы
№ 103-нқ бұйрығына
қосымша

8.02-01-2019 "Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді әзірлеу (қайта әзірлеу) құнын анықтау" Қазақстан Республикасының құрылыстағы басшылық құжаты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді әзірлеу (қайта әзірлеудің) бағасын анықтау" Қазақстан Республикасының құрылыстағы басшылық құжаты (бұдан әрі – Басшылық құжаты) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" № 242 Заңының 23-16) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Осы құжаттың ережелері мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор қаржатының есебінен сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді (бұдан әрі – мемлекеттік нормативтер) әзірлеу (қайта әзірлеу) құнын анықтауда қолданылады.

3. Мемлекеттік нормативтерді әзірлеу (қайта әзірлеу) құнын есептеу азаматтық-құқықтық шарттар бойынша бюджеттік өтінімдерді, жоспарларды, бағдарламаларды жасауда және қызметтерді көрсетуде жүргізіледі.

4. Осы Басшылық құжаты ережелеріне сәйкес анықталатын жұмыстардың құны мемлекеттік нормативтерді қабылдауға қойылатын әзірлеу (қайта әзірлеу), рәсімдеу, келісу және дайындау бойынша жұмыстардың барлық кешенін жүргізуді көздейді.

5. Мемлекеттік нормативтерді әзірлеу (қайта әзірлеу) құны оларды әзірлеудің еңбек сыйымдылығынан, орындаушылардың біліктілік құрамынан, еңбекті төлеу деңгейінен, мемлекеттік нормативтердің күрделілігі мен көлемінен, Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген мемлекеттік бюджеттің міндетті аударымдарынан мен төлемдерінен және сараптамалық бағалауды жүргізу шығындарынан шыға отырып анықталады.

2-тарау. Мемлекеттік нормативтерді әзірлеу (қайта әзірлеу) бойынша еңбек сыйымдылығын анықтау

6. Мемлекеттік нормативтерді әзірлеу үшін нормативтік еңбек сыйымдылығы, сондай-ақ, оларды орындау үшін талап етілетін осы Басшылық құжатының қосымшасындағы 1-кестеде оларды орындау үшін талап етілетін мамандар – әзірлеушілер және сарапшылар (үлестік қатысуы) келтірілген.

Осы Басшылық құжатта бір мемлекеттік нормативті әзірлеуге (қайта әзірлеуге) жұмсалған жұмыс уақытының саны еңбек сыйымдылығы деп түсіндіріледі.

7. Мемлекеттік нормативтерді әзірлеудің (қайта әзірлеудің) нормативтік еңбек сыйымдылығы оның күрделілігін бағалауға қойылатын белгіленген орташа статистикалық тәсілге негізделген, атап айтқанда, мамандардың орташа статистикалық нормативтік еңбек сыйымдылығының шамасын қосындылау жолымен анықталған және осы Басшылық құжаты қосымшасының 2-кестесі бойынша қабылданған.

8. Мемлекеттік нормативті әзірлеу (қайта әзірлеу) бойынша еңбек сыйымдылығын анықтауға қатысты жұмыстардың құрамына нормативті әзірлеу үшін жасасқан шартқа дейін тапсырыс берушімен дайындалған техникалық тапсырмадан басқа, нормативті әзірлеудің барлық кезеңдері жатады.

9. Мемлекеттік нормативті әзірлеудің (қайта әзірлеудің) еңбек сыйымдылығы Т_{р.н}, адам айға, мына формула бойынша анықталады:

$$T_{р.н} = T_n \times q_{сл} \times q_{об} \times q_{нов},$$

мұнда Т_н – оның күрделілігін бағалауға қойлатын белгіленген орташа статистикалық тәсілге, атап айтқанда бір айдағы адам ғылыми сыйымдылығына негізделген мемлекеттік нормативтің нақты түрін әзірлеу (қайта әзірлеу) бойынша нормативтік еңбек сыйымдылығы;

q_{сл} – әзірленіп жатқан (өңделіп жатқан) нормативтің күрделілік коэффициенті;

q_{об} – мемлекеттік норматив беттерінің санын ескеретін коэффициент;

q_{нов} – әзірленетін (өңделетін) мемлекеттік нормативтің жаңалық коэффициенті.

11. Мемлекеттік нормативтің түріне байланысты мемлекеттік нормативті әзірлеудің (қайта әзірлеудің) күрделілік коэффициентінің q_{сл} екі мәні болуы мүмкін:

0,81 – есептерден, формулалардан, кестелерден және графиктардан тұратын мемлекеттік нормативтер үшін;

0,73 – тек мәтіннен тұратын мемлекеттік нормативтер үшін.

12. Әзірленетін (өңделетін) мемлекеттік норматив беттерінің (A4 Microsoft Word форматы, қаріп – 12, жоларалық интервалы 1,0,) санын ескеретін $q_{об}$ коэффициенті осы Басшылық құжаты қосымшасының 3-кестесі бойынша анықталады.

13. Әзірленетін (өңделетін) мемлекеттік нормативтің жаңалық деңгейін ескеретін коэффициенттің мәні осы Басшылық құжатына берілетін қосымшаның 4-кестісі бойынша қабылданады.

14. Мемлекеттік норматив жобасын әзірлеу (қайта әзірлеу) кезеңдері бойынша еңбек сыйымдылығын бөлу:

10 % – шарттарды жасасу, ақпараттарды жинау, талдау, жұмыс бағдарламаларын дайындау;

65 % – мемлекеттік норматив жобасының бірінші редакциясын әзірлеу және пікір алуға тарату, оның ішінде келісім-шарт негізінде жетекші профильдік жобалау ұйымдарының міндетті сараптамалық қорытындылары үшін 5%;

25 % – келісу мен қабылдаудың мемлекеттік нормативтерінің түпкілікті жобасын әзірлеу, келісу және ұсыну.

3-тарау. Мемлекеттік нормативтерді әзірлеудің (қайта әзірлеудің) құнын анықтау тәртібі

15. Күрделіліктің барлық түріндегі және тобындағы мемлекеттік нормативтерді әзірлеудің (қайта әзірлеудің) құны мына формула бойынша есептелінеді:

$$B_{эк} = Ж_{ор} \times E_{нә} \times K_{ұ} + B_{ауд}$$

мұнда $B_{эк}$ – мемлекеттік нормативтерді әзірлеудің (қайта әзірлеудің) құны, теңге;

$Ж_{ор}$ – мемлекеттік нормативті әзірлеуге (қайта әзірлеуге) қатысатын мамандардың орташа айлық жалақысы, осы Басшылық құжатының 17-тармағында көрсетілген формула бойынша есептелінеді;

$E_{нә}$ – осы Басшылық құжатының 10 тармағында көрсетілген формула бойынша анықталған мемлекеттік нормативті әзірлеудің (қайта әзірлеудің) еңбек сыйымдылығы, адам айға;

$K_{ұ}$ – мемлекеттік нормативті әзірлеуді (қайта әзірлеуді) жүзеге асыратын ұйымның жанама шығындарының (жүккұжат, пайдалануға беру, материалдық және басқа да шығындары) коэффициенті. Сонымен қатар коэффициент қосылған құн салығын қоса алғанда, мемлекеттік бюджетке төленетін міндетті аударымдар мен есептерді де ескереді. Есептеуде 2,9 тең етіп қабылданады;

B_a – мемлекеттік нормативтердің тең түпнұсқалығын белгілеу жөніндегі қызметтердің құны.

16. Еңбек ақының орташа айлық қоры кәсіби, ғылыми және техникалық саладағы нақты орташа айлық жалақының, маманның еңбек ақысы қорының коэффициентінің, осы Басшылық құжатына берілетін қосымшаның 5-кестесі бойынша орындаушылардың қатысуының салыстырмалық салмағының есебіне сәйкес мемлекеттік нормативті әзірлеуге (қайта әзірлеуге) маманның қатысуының үлестік салмағының негізінде анықталады.

17. Инженерлік-техникалық қызметкердің орташа айлық жалақысы кәсіби, ғылыми және техникалық саладағы нақты орташа айлық жалақының, маманның еңбек ақысы қорының коэффициентінің, осы Басшылық құжатына берілетін қосымшаның 5-кестесі бойынша мемлекеттік нормативті әзірлеуге (қайта әзірлеуге) маманның қатысуының үлестік салмағының және негізгі өндірістік қызметкердің еңбекақы қорынан 16 пайыз мөлшерде әкімшілік-шаруашылық қызметкердің еңбекақысына шығатын шығындардың негізінде мына формула бойынша есептелінеді.

$$Ж_{ор} = (2,0 \times 0,1 + 1,5 \times 0,2 + 1,3 \times 0,3 + 1,0 \times 0,4) \times Ж_{оак} \times 1,16 \times МЕК_{жос} / МЕК_{оак} = 1,497 \times Ж_{оак} \times МЕК_{жос} / МЕК_{оак}$$

мұнда Жоак – кәсіби, ғылыми және техникалық саладағы орташа айлық жалақы, мемлекеттік нормативті әзірлеу (қайта әзірлеу) бағасын анықтаудың күнінен алдыңғы жылдың статистикасы бойынша уәкілетті мемлекеттік органның ресми деректері бойынша қабылданады, теңге;

МЕКжос – мемлекеттік нормативті әзірлеу (қайта әзірлеу) жоспарланатын жыл үшін бекітілген минималдық есептік көрсеткіш.

МЕКоак – құрылыс саласындағы орташа айлық жалақының мәнін есептеу үшін қабылдау жылына сәйкес келетін минималды есептік көрсеткіш;

4-тарау. Мемлекеттік нормативтердің тең түпнұсқалығын белгілеу жөніндегі қызметтердің құны

18. Мемлекеттік нормативтер мәтіндерінің қазақ және орыс тілдеріндегі тең түпнұсқалығын (аутенттілігін) белгілеу жөніндегі қызметтердің құны мына формула бойынша есептелінеді:

$$B_a = 0,879 \times K_6 \times Ж_{ор} \times 163,3$$

мұнда Бауд – мемлекеттік нормативтердің тең түпнұсқалығын белгілеу жөніндегі қызметтердің құны;

0,879 – бір баспа беттің толық жазбаша аудармасын аударудың уақыт нормасы болып табылатын құжат аудармасының коэффициенті.

K_6 – аударма бетінің саны (A4 Microsoft Word форматындағы, 12 кәріп, 1,0 м аралық интервал (кемінде 2000 баспа белгісі). Кемінде 2000 параметрлермен көрсетілген баспа белгілерінің санында K_6 мәні жартысына азаяды;

163,3 – бір айдағы жұмыс сағаттарының орташа саны.

8.02-01-2019 "Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерді әзірлеу (қайта әзірлеу) құнын анықтау" Қазақстан Республикасының құрылыстағы басшылық құжатына қосымша

1-кесте. Мемлекеттік нормативті әзірлеудің (қайта әзірлеудің) нормативтік еңбек сыйымдылығы

| Маманның біліктілігі | Жұмыстың мазмұндамалық бөлігі | Нормативтік еңбек сыйымдылығы E_n , адам/ай* | Қатысудағы үлестік салмағы |
|--|--|--|----------------------------|
| 1. Бөлімше жетекшісі | Жұмысты басқару, жобаға жетекшілік ету | E_1 | 0,1 |
| 2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес біліктілікке сай анықталатын мемлекеттік нормативті әзірлеу кезіндегі нақты пәндік саладағы топтың жетекшісі-маманы-әзірлеуші | Жаңа терминдер мен семантикалық конструкциялардың сәйкестігін талдау, халықаралық нормалары және стандарттары бар әзірленетін (өңделетін) нормативті үйлестіруді ескере отырып, нормалау объектілеріне және ғылыми редакциялауға қойылатын талаптарды әзірлеу | E_2 | 0,2 |
| 3. Стандарттау және нормашығармашылық саласындағы әзірлеуші-маман | Мәтінді тексеру және түзету. Әзірленетін (өңделетін) норматив талаптарының Техникалық нормалаудың ұлттық жүйесінің ережелеріне сәйкес келуі және терминологиялық бірлік пен қолданыстағы мемлекеттік (ұлттық) (мемлекетаралық) нормативтерге өзгерту енгізуге қатысты ұсыныстар әзірлеуді қоса, қолданысқа енгізілген мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтермен (стандарттармен) үйлестіру | E_3 | 0,3 |
| 4. 1-санатты менеджер | Жобаның негізгі бөлімін әзірлеу (қайта әзірлеу), мәтіндерді жинақтауға қатысты жұмыстарды орындау және графикалық материалдары мен есептеу әдістемесі бар | | 0,4 |

| | |
|---|----------------|
| норматив жобасының редакцияларын дайындау, өзгертулер мен толықтырулар енгізу | E ₄ |
| Нормативтік еңбек сыйымдылығы: E _н = E ₁ + E ₂ + E ₃ + E ₄ | |

2-кесте – Мемлекеттік нормативтерді әзірлеудің (қайта әзірлеудің) нормативтік еңбек сыйымдылығы

| Мемлекеттік нормативтің түрі | Нормативтік еңбек сыйымдылығы | | | | |
|--|--|--|----------------|----------------|----------------|
| | E _с , (E ₁ +E ₂ +E ₃ +E ₄) | мамандардың орташа статистикалық нормативтік еңбек сыйымдылығы | | | |
| | | E ₁ | E ₂ | E ₃ | E ₄ |
| Мемлекеттік қала құрылыстық нормативтер мен регламенттер | 24,5 | 2,45 | 4,9 | 7,35 | 9,8 |
| Құрылыс нормалары | 24,4 | 2,44 | 4,9 | 7,35 | 9,8 |
| Жобалау және құрылыс салу жөніндегі ережелер жинақтары | 23,1 | 2,31 | 4,62 | 6,93 | 9,24 |
| Технологиялық жобалау нормалары | 20,3 | 2,03 | 4,06 | 6,09 | 8,12 |
| Ұлттық стандарттар | 20,9 | 2,09 | 4,18 | 6,27 | 8,36 |
| Құрылыстағы Басшылық құжаттары | 19,7 | 1,97 | 3,94 | 5,91 | 7,88 |
| Нормативтік-техникалық құралдар | 19,6 | 1,96 | 3,92 | 5,88 | 7,84 |
| Әдістемелік құжаттар мен нұсқаулықтар | 19,5 | 1,95 | 3,9 | 5,85 | 7,8 |
| Технологиялық карталар | 20,5 | 1,93 | 3,86 | 5,79 | 8,92 |
| Сметалық нормалар | 24,4 | 2.12 | 4.58 | 6.95 | 10,75 |
| Сметалық бағалардың жинақтары | 18,4 | 1.05 | 2.18 | 4.61 | 10,56 |
| Мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау және қадағалау, сәйкестікті бағалау нормативтері | 18,4 | 1,84 | 3,68 | 5,52 | 7,36 |

3-кесте – Әзірленетін (өңделетін) мемлекеттік нормативтің көлемін (бет санын) ескеретін коэффициенттің qNc мәндері

| | | | | | | | | | |
|--|----------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|--------|----------|
| Бет саны | 10 дейін | 11-20 | 21-30 | 31-40 | 41-50 | 51-60 | 61-80 | 81-100 | 101-150* |
| қоб мәні | 0,35 | 0,50 | 0,63 | 0,74 | 1,00 | 1,25 | 1,332 | 1,66 | 1,75 |
| * - мемлекеттік нормативтің 150 беттен асатын көлемі кезінде әрбір кейінгі 10 бетке 1,75 коэффициентіне 0,1 қосу керек | | | | | | | | | |

4-кесте – Әзірленетін немесе өңделетін мемлекеттік нормативтің жаңашылдық деңгейін ескеретін коэффициенттің qжаң мәні

| | | |
|---|--|-----------|
| № | Жұмыстардың атауы | qжаң мәні |
| 1 | Халықаралық және (немесе) мемлекетаралық нормалармен үйлестірілген жаңа мемлекеттік нормативті әзірлеу | 1,50 |

| | | |
|---|--|------|
| 2 | Қолданыстағы мемлекеттік нормативтің 30% дейінгі мазмұнын пайдаланып мемлекеттік нормативті қайта әзірлеу | 0,7 |
| 3 | Қолданыстағы мемлекеттік нормативтің 30% бастап 60% дейінгі мазмұнын пайдалану арқылы қайта әзірлеу | 0,55 |
| 4 | Қолданыстағы мемлекеттік нормативтің 60 % аса мазмұнын пайдалану арқылы мемлекеттік нормативті қайта әзірлеу | 0,40 |

5-кесте – Мемлекеттік нормативті әзірлеу (қайта әзірлеу) кезіндегі еңбек ақының орташа айлық қоры

| № | Орындаушының лауазымы | Маманның ғылыми және техникалық саладағы саласындағы нақты орташа айлық еңбекақысына қойылатын еңбекақыны төлеу қорының коэффициенті | Қатысудың үлестік салмағы |
|---|-----------------------|--|---------------------------|
| 1 | Бөлімше жетекшісі | 2,0 | 0,1 |
| 2 | Топтың жетекшісі | 1,5 | 0,2 |
| 3 | Бас маман | 1,3 | 0,3 |
| 4 | Жетекші маман | 1,0 | 0,4 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК